**«Айгөлек» балабақшасы» КМҚК бойынша қамқоршылық кеңес отырысының №1 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген күні:** 14.11.2023ж
**Өткізілген орны:** балабақшаның актзалында
**Уақыты:** 17.00
**Қатысқандардың саны – 11**
**Қатыспағандар саны -** 0

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Балабақшада қамқоршылық ұйымның тиімділігі.
2. Қамқоршылық кеңес төрайымын және мүшелерін сайлау, міндеттерімен таныстыру
3. Қамқоршылық кеңесінің жоспарымен танысу.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Узбекова Алтыншаш Нурумжановна. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 44 бабына сәйкес, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының негізінде қамқоршылық кеңес құру керектігін, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес ұйымдастыру туралы айтп өтті. Балабақшадағы бұл қамқоршылық кеңесінің құрамын, оларды дамыту стратегиясые бекітеді, сондай-ақ оларды құрметіне байланысты өзге де маңызды мәселелерді қарайды. Қамқоршылық кеңес стратегиялық мақсат мен міндеттерін айқындайтын, сенім ашықтық, еріктілік және алқалық қағидалар мен жұмыс істейтін балабақшаны басқарудың қоғамдық органы болып табылады. Балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібінің үлгі ережелерімен таныстырды. Қамқоршылық кеңес балабақша алқалы басқару нысандарының бірі болып табылатынын басып айтты.

**Қамқоршылық кеңестің мақсатына жеке-жеке тоқталып өтті:**

1. Балабақшада оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының тәрбиеленушілерімен балабақша ұжмы үшін қажетті жағдайлар жасау.
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
4. Білім беру ұйымына әлеуметтік мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шара өткізуге ықпал ету;
5. Тәрбие мен оқыту саласында халақаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
6. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылатынын түсіндірді.

2.Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау:
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Абдрахманова Арайлым меценат
ҚК төрайымының орынбасары: Адылтаева Айжан кіші «Балақай» тобының ата-анасы.
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Болатбекова Асель ортаңғы топ ата-анасы
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Камбарова Назира Габдулгаликовна ұстаз- ардагер
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Тоқан Меруерт кіші топ ата-анасы
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Толенгутова Зарина ортаңғы топ ата-анасы
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Смагулова Гаухар- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Атамбаева Надира ересек топ ата-анасы
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Магауова Риза кіші топ ата-анасы

3.**СӨЙЛЕДІ**:Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ш.Кумашева қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты балабақшаның мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру. Араларыңыздан сайланған қамқорлышық кеңесінің мүшелері жыл бойы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жыл бойына жасалатын іс – шаралар жоспары ата –аналар тарапынан бір ауыздан қолдау тапты.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілетті мерзімі үш жыл құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңестің отырысына ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдарын қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді. «Айгөлек» балабақшасы» КМҚК бойынша қамқоршылық кеңесінің хатшысы Ахметкалиева Еркежан Серказыевнаны тағайындадық.

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

**Қамқоршылық кеңестің мүшесі:**

- Өз бастамасы бойынша;
- Отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

**Сұрақ ата-ана**: Кіші топ ата-анасы Р.Магауова

Қамқоршылық кеңес балабақшаға не үшін керек?

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерге көтеріп адамдарды тартады. ҚК жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады.

**ШЕШІМІ**:

1. Қамқоршылық кеңесінің балабақшада тиімділігі анықталды
2. Қамқоршылық кеңесінң төрайымы тағайындалсын. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз міндеттерімен таныстырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүйелі түрде жүргізілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы**: А.Абдрахманова

**Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары**: А.Адылтаева

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері**: Г.Смагулова

А.Болатбекова

Н.Камбарова

М.Тоқан

З.Толенгутова

Н.Атамбаева

Р.Магауова

**«Айгөлек» балабақшасы» КМҚК меңгерушісі:** А.Узбекова

**Комиссия хатшысы:** Е.Ахметкалиева